

## РОЗА МҰҚАНОВАНЫҢ «МӘНГІЛІК БАЛА БЕЙНЕСІ». ИДЕЯДАН ІШКІ ҚАҚТЫҒЫСТАРҒА ДЕЙІН

Мадина ЕРГАЛИЕВА \*

**Түйіндеме:** Көрнекті жазушы, драматург, сценарист Роза Мұқанова өмірге деген ерекше көзқарасымен, асқан талантымен ерекшеленеді. Оның «Мәңгілік бала бейне» атты туындысында көрермен Семей полигонындағы ядролық сынақтардың зардаптарымен бетпе-бет келген Қарауылдық Ләйлә есімді қыздың өміріне терең бойлайды. Көптің көкейіндегі бұл оқиға кейіпкердің терең ішкі ойларына негіз болады. Мұқанова оқиғасының призмасы арқылы ядролық сынақтар зардаптарының жан түршігерлік шындығы ғана емес, кейіпкердің ішкі әлемі, күресі де ашылады. «Мәңгілік бала бейне» оқырман назарын экология мәселесіне, адам қасіретіне аударып қана қоймай, басты кейіпкердің күрделі эмоционалдық күйлері мен ішкі эмоционалдық тәжірибелерінің шымылдығын көтереді.

**Кілт сөздер:** Роза Мұқанова, Семей полигоны, прототип, Мәңгілік бала бейне

### "Eternal Child Image" By Roza Mukanova. From Idea To Internal Conflicts

**Abstract:** Roza Mukanova, an outstanding writer, playwright, and screenwriter, is noted for her unique perspective on life and great talent. In her work «Eternal Child» the reader is immersed in the life of a girl from Karaul, Leyla, who encounters the consequences of nuclear testing at the Semipalatinsk Polygon. This story, etched in the minds of many, becomes the foundation for the protagonist's profound inner journey. Through Mukanova's narrative, not only the grim reality of the aftermath of nuclear testing is revealed, but also the inner world of the protagonist, their struggle. «Eternal Child» not only draws the reader's attention to the issue of ecology and human suffering but also lifts the veil on complex emotional states and inner soul experiences of the main character.

**Key Words:** International relations, Public diplomacy, Kinship, Descendancy.

#### Кіріспе

Әңгімелер мен романдар идеяның немесе тақырыптың пайда болуынан бастап басылымға немесе жариялануға дейінгі әртүрлі кезеңдерден өтеді. Ең бірінші кезең шабыт көзі. Әңгіменің немесе романның басында шығарманы жазуға түрткі болған қандай да бір идея, тақырып немесе оқиға жатады. Бұл жазушының көрген, естіген, оқыған немесе басынан өткерген жағдайы болуы мүмкін.

Тақырып пен идея таңдауы жазушының шығармашылығын, ойын жалпылама түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Әдеби шығарманың құрылымы оның мазмұны мен тілдік көрінісіне әсер етеді. Мәтіннің стилі, ерекшеліктері және басқа драмалық аспектілері оның құрылымын анықтайды.

Көркем шығарма бойындағы тартыс ең алдымен автор санасы арқылы қабылданған және оқырманына жеткізуге тырысқан өмір шындығының көркем шындыққа айналуын айқындайды (Есембеков, 1998: 305).

Академик, көрнекті абайтанушы Қажым Жұмалиев «Әдебиет теориясы» оқу құралында «Жазушының дүние танушылығын аңғартумен қатар, шығарманың идеялық бағытын белгілеумен қатар, тақырыптың және бір маңызды жағы – суреттелген өмір құбылысын, сол үшін алынған оқиғаның нысанын белгілеу. Шығармада нені көрсетпек, ол үшін не керек, тек соларды ғана алып басқа жаққа бұрмаламай, оқиғаны да, онымен байланысты айтылмақ ой пікірді де белгілі бір жүйеде баяндау үшін тақырып Темірқазық жұлдызындай алда тұрады да, жазушының маңдайын аудармауға көмектеседі. <...>Қандай шығарма болсын, белгілі бір идеяны үндейді дедік. Тақырып, оқиға және оның құрылысы, шығармада қатысушылардың араларындағы тартыс, оларды суреттеу әдістері, түптеп келгенде – жазушының сол шығармадағы айтайын деген идеясына бағыңқы. Ал қандай идеяны үндеуі жазушының өмірге көзқарасына, дүниетанушылығына негізделінеді. Шығармадағы суреттелетін өмір құбылысын, күрес-тартыстарды образ арқылы оқушылардың көз алдына елестете, ой-сезіміне әсер

\* Нийде Өмер Халисдемир университеті, «Заманауи түркі диалектілері» кафедрасының докторанты, madina11196@mail.ru

ете отырып, жазушы оларды өзі меңзеген бағытқа жетектейді», - деп тақырып пен идеяның ролін айқындап, атқаратын қызметінің маңыздылығын атап өтеді (Жұмалиев,1960: 44).

Шығарманы жазуға шабыттандыратын көптеген факторлар бар олар жеке тәжірибе, сыртқы бақылаулар, әдеби классика, мифология және фольклор, қиял, белгілі бір орындар және саяхат. Сайып келгенде, идеялар мен шабыт кез келген жерден келуі мүмкін және оларды қағаз бетіне түсіруге дайын болып әңгімеге айналдыра білу маңызды.

Осы тұжырымдаманы айқындау үшін біз көрнекті жазушы, драматург Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі негізінде талдаймыз.

Мұқанова Роза Қажығалымқызы – жазушы, драматург, сценарист, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2012), Қазақстан Жастар одағы сыйлығының (1994), «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығының (2002), Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты(2020).

Әңгімелер мен дарамалық шығармалардың авторы(Мұқанова, 2024: 4).

Жазушы 1991 Қазақстан жазушылар одағының ұйымдастырған фотокөрмесін аралап жүріп кішкентай қыздың суретіне көзі түседі. Қыздың жанары қасіретке, мұңға толы екенін байқайды. Жақындап келген сәтте суреттің астындағы «Ол 6 емес, 14 жаста. Семей полигонының жасаған ісі» деген жазуды көреді. Қол-аяғы өскен, бірақ бейнесі мәңгілік бала кейпінде қалып қойған. Қыз бейнесі қатты әсер еткені соншама дүниеге «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі келеді.

Семей ядролық сынақ полигоны КСРО-дағы аса ірі ядролық полигондардың бірі болып саналатын. Қазақстан аумағында қуатты ядролық сынақтардың ең көп мөлшері жасалған. Семей полигонында 1949 жылдан 1989 жылға дейін палигонда кемінде 468-ге жуық ядролық сынақ жүргізілген. Семей полигоны (қазіргі Шығыс Қазақстан) облысы мен Павлодар және Қарағанды облыстарының шекараларымен түйіскен тұста, Семейдің Солтүстік-батысынан 130 шақырымдай жерде, Ертіс өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан. Кеңес одағында ядролық тұңғыш сынау Қазақстан аумағында 1949 жылы 29 тамызда таңғы сағат 6:30 да Абай және Абыралы аудандарында халыққа ескертілместен жүргізілген Семей аймағындағы полигонға жақын орналасқан жерлердегі халықтың елеулі бөлігінде табиғи және жыныстық дамудан артта қалу, қатерлі ісік, ақ қан ауруы, нәрестелердің аурушаң болып тууы сияқты ауытқушылық көбейген (Анатолий,2016: 18-19). Қазақ халқының ұлы ұстазы, хәкім Абайдың туған жерінде жасалған ядролық сынақ қазақтар үшін моральдық тұрғыдан санада таңба болып қалған үлкен қорлық болып саналды. Жергілікті халық әлі күнге дейін бұл сынақтардың зардабын тартуда.

«Мәңгілік бала бейне» - қасіретке толы шығарма. Әңгімде тек Ләйлә қыздың мұңы емес күллі қазақ жұртының айтылмаған қасіреті бейнеленген. Жазушы әңгіменің тілі арқылы халықтың жай-күйін, атмосферасын эпитет теңеу, ал бас кейіпкер Ләйләнің жан дүниесін ішкі диалог пен монолог арқылы көрсетеді.

*«...Терең сайға бет алған Ләйлә-қыз бұл сәтте беймезгіл рух тұрмақ, адамзат қасиетінің өзіне де сенуден қалған» (Мұқанова, 2014: 199б).*

Жоғарыдағы мәтінде көргеніміздей адам көзіне түспей қоғамнан оқшаулану, қашу мотивтерін автор өзінің берген сұхбатында былай түсіндіреді «...Біраз уақыттан кейін мен Шымкентте жазушылық істерім бойынша бардым, ол жақта ерекше дәмді тандыр нанын жеп көрдім. Жергілікті халық оны өркеші бар қыздың пісіретінін айтты. Ол бұл тандыр нандарды жұрт ұйықтап жатқанда таңертең ерте пісіріп, адамдарды өзінің ұсқынсыздығымен қорқытпау үшін қашып кетеді деген болатын» [Правда о

закрытии Семипалатинского полигона, 2020]. Яғни, әңгімедегі Ләйләнің образы ойдан шығарылған емес, өмірден алынған шын, жиынтық образ екенін көреміз.

*«...Тек қана осындай меңіреу түнді, сол түнмен аймаласып, толықсып тұратын қияқтай әдемі Айды сырлас еткен. Көкірегін кеулеген мұң-арызын осы арада, терең сайда сыбырлайтын. Дөп-дөңгелек Ай толықсып, сүттей аппақ көркімен қара жамылған Қарауылға сән беретін» (Мұқанова, 2014: 199б).*

Қара жамылған ауылға сән беретін де ай, Ләйлә қыздың да мұңын тыңдап тыныштық сыйлайтын да ай.

*«...О, жарық Ай, мүсіркеме сен мені. Мен күнәсіз қыз боламын. Сезімім бүтін, ақылым дұрыс. Бірақ мынау тіршілік дүниесінен безінген жұдырықтай жүрегім кек пен қасіретке толы...» (Мұқанова, 2014: 199б).*

Бұл тұста Ләйләнің айға ішіндегісін ақтарып, жанына дауа іздеп өмірінің қасіретке толы екенін айтып мұңын шертеді. Жарық айға айтқан өкпе-реніші, ыза мен кегі, болашақтан күтетін үмітін ішкі монолог арқылы жеткізеді.

Ғалым Г. Пірәлиева «Ішкі монолог – кейіпкердің ішкі ойы, көңіл-күй сырын білдіретін, эмоциялық әсерді байқататын көркемдік құралдардың бір түрі... Формасы мен мәні адам психикасындағы ғылыми және этикалық ойлау жүйесінің дамуына байланысты өзгеріп отырған» (Пірәлиева, 2007: 304), – деп анықтама береді.

*«...Мен өзіме адам сияқтымын, басқаларға адам емес адам пейілін тәубаға түсіретін мүгедекпін. Қарауылдың адамдары мені көрген сайын: «Мұны Алла тағала адамдар тәубасына келсін, қол-аяғының саулығына, он екі мүшесінің дін амандығына шүкір етсін деп жаратқан» — дейді. Солай ма, жарық Ай. Мен саған ғана, сенің өзіңе ғана сенемін. Тым болмағанда үмітімді сен ақтарсың. Сонда, бұл жұрт нені айтады? Мен кіммін, осы? Мәңгілік пе? Шынымен-ақ мәңгілік өспей қалған бала кейіп пе?». Ләйлә-қыз сөйлеп отыр. Мылқау Ай дөңгелеп алыстап барады. Ләйләны да, жерді де аймалап барады. «Өз жасыма лайық қыз болғым келеді. Иә... иә... Менің де әп-әдемі, нәп-нәзік қыз болғым ке...л...е...ді...», — Ләйлә, жаңағы өзі жасырынып отырған қап-қараңғы терең сайдан жүгіріп шықты...» (Мұқанова, 2014: 199б).*

Аймен Диалог. Аймен байланыс Ләйләнің жалғыздыққа деген ұмтылысы емес өз қатарластары сияқты толыққанды, дені сау бойжеткен сезінудің бір жолы. Ай табиғат объектісі ретінде оны мүсіркемейтін, жиіркенішпенпен қарамайтын, оны сөкпейтін нысанды білдіреді және Ләйлә оны өз ойлары мен сезімдерін ақтаратын аудитория ретінде пайдаланады.

*«...Мұндайда бүкшііп, босағада жылап отырған Ләйлә-қызға бірде-бір жан: «Әй, мынаған не болды, тиіскен кім?» — деп сұрамайды да. Бәлкім, осылай бейшара күй кешіп, жылап отыруы заңдылық деп ойлай ма? «Ей байғұс, көз жасыңды біз емес, құдай көрсін. Соның ілтипатын күт, пейілін көр!» — дей ме, теріс қарап күбірлеп өте шығатын. Ләйлә мұны да сезетін. Түн ішінде жарқырап, толықсып шығатын мылқау Айды есіне алып, терең сайға қарай жүгіре жөнелгісі келетіні де сондықтан» (Мұқанова, 2014: 121б).*

Адамға, әсіресе балалық шақта, сау эмоционалды және әлеуметтік қызметті дамыту үшін басқа адамдармен эмоционалды байланыс қажет. Бұл байланыстың болмауы дәрменсіздік пен жалғыздық сезіміне алып келеді. Жақын адамдардан айырылу, әсіресе балалық шақта, қайғы, жалғыздық және үмітсіздік сезімдерін қоса, травматикалық эмоционалды реакцияларды тудыруы мүмкін. Ата-анадан айрылу мұндай жарақаттың көзі бола алады және адамды тиісті эмоционалды қолдаусыз қалдырады. Жоғарыда берілген мәтінде Ләйләнің эмоционалды қолдаусыз қалғанын және де тұлға ішілік қақтығыстың қайдан бастау алатынын көре аламыз.

Ләйлә мүгедек болғандықтан өзін қоғамнан оқшауланғанын сезінеді. Сұқ көздерден аулақ болу мақсатында тірі жан жүрмейтін шатқалда уақыт өткізеді.

Шатқалдағы бұл пананы және аймен диалогты өзін-өзі жұбату, өзін-өзі қабылдау, сыртқы факторлар мен күйзелістерден демалу сәті немесе мүмкіндігі ретінде пайдаланады.

*«...Қыз жүзіне қызғылт рең пайда болды. Бір түрлі қысылып, ұялып тұр. Үстіне киген қып-қысқа шыт көйлегінен де, Қатираның қоярда-қоймай мұны бала сияқты етіп, дәл төбесіне қып-қызыл бантик тағып бергеніне де намыстанып, күйіп барады. Бірі балалықтан қол үзіп, бозбаланың күйін кешіп жүр. Бірі, керісінше, болашақтан қол үзіп, мәңгілік, мәңгі бақи өспей, жетілмей мүгедек кейіпте қалған» (Мұқанова, 2014: 1236).*

Психологиялық тұрғыдан алып қарағанда Ләйләнің жан дүниесі ішкі қақтығыстарға толы екенін көреміз. «Жүзеге аспаған тілектер қақтығысы немесе кемшілікті сезіну кешенінің қақтығысы (Ю. Юрлов). Бұл тілектер мен олардың қанағаттануына тосқауыл болатын шындық арасындағы қақтығыс. Кейде бұл «Мен олар сияқты болғым келеді» (анықтамалық топ) және оны жүзеге асыра алмау арасындағы қақтығыс ретінде түсіндіріледі (А. Захаров). Қақтығыс шындық тілекті жүзеге асыруға кедергі жасағанда ғана емес, сонымен қатар адамның оны орындауға физикалық мүмкін еместігінің нәтижесінде де туындауы мүмкін. Бұл адамның сыртқы келбетіне, физикалық ерекшеліктеріне және қабілеттеріне қанағаттанбауынан туындайтын қақтығыстар. Бұл түрге жыныстық патологияларға негізделген тұлға ішілік қақтығыстар да жатады(Кратохвил; Свядош, Харитонов) [Анцупов. Шипилов, 2004: 319] – деп ғалымдар анықтама береді.

Айналасындағы адамдардың сұқ көздері, жеңгесі Қатираның улы сөздері бейкүнә қыздың таза жүрегіне оқтай қадалып, соңғы демі келгенде: «— Қасірет шеккен жан иесінің жалғыз ғана сырласы өзің екеніңді ұмытпа!» (Мұқанова, 2014: 1266) - деп Ләйлә-қыз өмірімен қоштасады. Осылайша, Ләйлә, бойжеткен сезімін сезіне алмай, аяусыз тағдырдың тәркегіне түсіп жалғыз досы Айға соңғы сөзі, алғысын білдіреді.

### **Қорытынды**

Әдебиет қандай бағытты қаласа да алдымен ақиқат жолын іздейді. Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейнесі» шын мәнінде кейіпкердің жеке басынан өткен оқиғаларды ғана емес, қазақ халқына байланысты кең әлеуметтік-тарихи аспектілерді де көрсететін шығарма.

Әңгіменің атауының өзі өте символдық және сан қырлы. «Мәңгілік бала бейне» қайғылы оқиғалардың салдарынан жойылған жастық пен пәктік бейнесі деп түсінуге болады. Бұл сондай-ақ азапты шығындарды бастан өткеріп, сыртқы күштердің әсерінен өзінің бірегейлігін жоғалтқан ұлтқа қатысты болуы да мүмкін.

1996 жылы Әуезов театрында алғаш сахналанған, ал 2001 жылы кинорежиссер Сатыбалды Нарымбетов «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінің негізінде «Қызжылаған» фильмін түсірді. Роза Мұқанованың берген сұхбатында: «Фильмнің түпнұсқа шығармадан айырмашылығының себебі режиссерлердің таргедияны тереңірек түсініп және философиялық тұрғыдан қабылдауынан болуы мүмкін», - дейді. «Қызжылаған» режиссері оқиғаның мәні мен тереңдігін түсінгенімен, өзіндік пайымдауын, шығармашылық интерпретациясын әкелген, бұл түпнұсқа шығармадан біршама айырмашылықтар тудыруы сөзсіз. Бұл әдеби шығармаларды фильмге түсіруде жиі кездесетін құбылыс және мұндай айырмашылықтар тіпті оқиғаны түсіну мен түсіндіруді байытпа алады.

Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінде бас кейіпкер Ләйләнің ішкі тартыстары, тақырыбы тарихи оқиғалар аясында адам жанын зерттеу тұғырына көтерілген. Автор кейіпкердің күрделі эмоционалдық құбылыстарын зерттеп қана қоймай, оны ұлттың жалпы ұжымдық тәжірибесімен байланыстырады. Бұл шығарма

қарапайым баяндау шеңберінен шығып, уақыт пен мәдениеттің өзіндік шежіресіне айналды.

Қазіргі таңда әңгімеге арқау болған, сол көрмедегі Еңлік инклюзивті театрдың директоры болып жұмыс істейді. Розаның Ләйләсына тиік болған, шығарманың прототипі Семей қаласының тұрғыны.

Мұқанова басты кейіпкердің прототип идеясын батыл өрнектеп, оны өзіндік жеке көзқарасы арқылы бейнелейді. Оқиғаға негізделген фильмдер мен театр қойылымдары оның тереңдігі мен қазіргі аудитория үшін өзектілігін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, Бұл трагедия тұтас ұлттың санасында жылдар бойы пісіп-жетіліп айтыла алмаған жан айқайы еді. «Мәңгілік бала бейне» – жай ғана тарихи шығарма емес, ол – өзімізге және сыртқы жағдайларға мәңгілік күрес объективі арқылы адам жанының тереңдігіне көз жүгіртуге мүмкіндік беретін заман ескерткіші.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

- Есембеков, Темиргали (1998), Художественно-эстетическое значение драматизма в казахской прозе. Диссертация на соискание ученой степени доктора филологических наук, Алматы – 1998. На правах рукописи. 305 с.
- Жұмалиев, Қажым, (1960), «Әдебиет теориясы» Алматы, Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогикалық баспасы, 44б
- Мұқанова, Роза, (2024) Библиографиялық көрсеткіш Астана, «Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасы» баспасы, 4б,
- Анатолий, Райымбек, (2016) «Заман-ай, «Ағартушы» орталығы, 18-19б
- Мұқанова, Роза, (2014), Шығармалары, Алматы, «Арда» баспасы, 1.Т. 199-126б
- Правда о закрытии Семипалатинского полигона – exclusive ресурс для профессионалов. (202, 3 сентября). Правда о закрытии Семипалатинского полигона (exclusive.kz)
- Пірәлиева, Гүлзия, (2007), Көп томдық шығармалар жиынтығы, Алматы, «Қазығұрт» баспасы, Т. 1. 304 б.
- Анцупов А.Я, Шипилов А.И. (2004), Конфликтология, Москва, издание «Юнити» 319с
- Под зонтом – я, InformBuro. (2008, 16 июня). Роза МУКАНОВА: «Под зонтом – я» | informburo.kz.

